

Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 383 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 шілдеде № 11814 болып тіркелді.

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 22-4-бабы 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағына, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабы 1-тармағына және "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

Б. Имашев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2015 жылғы 8 шілдедегі
№ 383 бұйрығымен
Бекітілген
нысан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ПАТЕНТТІК СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН ӨКІЛДІҢ
КУӘЛІГІ**

Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіл

ретінде тіркелген (Т.А.Ә.) (бар болған жағдайда)_____ берілді.

Тіркеу туралы жазба Патенттік сенім білдірілген өкілдер
тізіліміне 20 __ жығы " __ " _____ № _____ енгізілді.

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК